

Қостанай спирт зауытының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 23 сәуір N 647

Сыртқы инвестицияларды, озық технологияларды және басқарудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып Қостанай спирт зауытының құрылысын аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен:

"Тағам" акционерлік компаниясымен жасалған, Қостанай спирт зауытын басқару құқығына арналған 1996 жылғы 22 ақпандағы N 44/96 келісім-шартты бұзу жөнінде шаралар қабылдасын;

республиканың фосфор саласындағы шаруашылық серіктестіктерінің "ЛУКойл-Қазақстан" акционерлік қоғамына берешектерін ескере отырып, спирт өндіруге арналған кешенді импорттық жабдықты (Спейшим, Франция) мүліктік жалға алу шарты бойынша "ЛУКойл-Қазақстан" акционерлік қоғамына берсін.

2. "Қостанай спирт зауытының құрылысын аяқтау және іске қосу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 116 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі